

Үйде оқытылатып және тәрбиеленетін мүгедек-балаларды материалдық қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 ақпандағы № 33 қаулысы. Қостанай облысы Денисов ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 наурызда № 9-8-150 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № 347 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2010.12.29 № 347 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағы 1-3) тармақшасына, Денисов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 170 "2010-2012 жылға арналған Денисов ауданының бюджеті туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-8-141 болып тіркелген) шешіміне сәйкес әкімдік

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы "2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты айлық мөлшерінде үйде оқытылатып және тәрбиеленетін мүгедек-балаларға оқу жылы мерзіміне ай сайын жергілікті бюджеттен әлеуметтік көмек көрсету.

2. "Денисов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан былай—уәкілетті орган) әлеуметтік көмекті тағайындау және төлету жөніндегі уәкілетті орган болып белгіленсін.

3. Әлеуметтік көмекті төлеу уәкілетті органмен ұсынылған тізімдерге сәйкес тиісті операциялар түрінде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің лицензиясы бар ұйымдары мен екінші деңгейдегі банктар арқылы әлеуметтік көмек алушының есеп шотына қаржы аудару арқылы жүзеге асырылады.

4. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру "Үйде оқытылатып және тәрбиеленетін мүгедек-балаларды материалдық қамтамасыз ету туралы" атты бюджеттік бағдарлама бойынша жүргізілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің орынбасары М.Т. Мұратбековке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап орын алған қатынастарға таратылады.

Денисов ауданы әкімінің
міндетін атқарушы *М. Мұратбеков*
КЕЛІСІЛДІ:

"Денисов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
_____ *Д. Мұсылманқұлова*

"Денисов ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
_____ *Е. Подело*